



## РЕДАКТОРДАН

### Үштаған: мұғалім – оқушы – ата-ана

Армысыз, құрметті оқырман!

Иә, үштаған, дәлірек айтсақ байлам, түйін, бірлестік: итальян тілінде *fascio*, бұдан адамзат тарихындағы қорқынышты құбылыс – «фашизм» ұғымы шығады. Мұны денең тітіркенбей еске түсіру мүмкін емес. Біздің жағдайда байлам – бұл коронавирус пандемиясы кезіндегі мұғалім – оқушы – ата-ана. Бір қарағанда мұның жуырда болған оқиғамен ешқандай ортақ байланысы жоқ сияқты болып көрінеді. Алайда, көбінесе бақытсыз аналардың тұрмыстық драмаларының, психикалық бұзылуларының мысалдарын келтіруге болады және мұндай оқиғалар қазірдің өзінде көбейіп келеді.

Неліктен? Мұны Интернетте журналист, редактор, жазушы-футуролог, блогер Елена Куликова өте айқын сипаттады. «Анамен әңгіме»: – «Сіздің балаңыздың математика пәнінен үлгерімі нашар, оған көмек көрсету керек». – «Мен өзім математикадан ештеңе білмеймін, түсінбеймін, бірдеңені есептеу керек болса калькуляторды пайдаланамын. Ал косинусты мүлдем түсінбеймін». – «Біз қазір көбейткіштерге жіктеуді өтіп жатырмыз». – «Сіз мұғалімсіз бе, сіз оқытыңыз, мен көп ұзамай жынды болатын шығармын немесе оны ұрып тастаймын...» Осыған ұқсас әңгімелерді еліміздің түкпір-түкпірінен естуге болады.

Не істеу керек? Бұл біздің болмысымыздың мәңгілік риторикалық сұрағы. Мол тәжірибелі педагог және білім беруді ұйымдастырушы, ал қазіргі уақытта – мемлекет қайраткері, ҚР Мәжілісінің депутаты Ирина Владимировна Смирнова біздің журналға берген сұхбатында (номерден оқыңыз) жағдайды тереңірек талдап, қазіргі білім беру ісіне келтірілген зиянның шекарасын кеңейтіп көрсетеді: «Қалыпты еместік қалыпты жағдайға айналу...» Абай да алдын ала ескертті, басқа да көрнекті педагогтер: «Ең қауіптісі – тәрбиесіз білім беру», – деді. Онлайн білім берудің өзі күрделі мәселе, ал Интернет арқылы онлайн тәрбие беру мүлде мүмкін емес.

Бұған оқу базасының жай-күйін қосыңыз. Мұғалімдердің барлығы дерлік, әсіресе шалғайда орналасқан ауылдарда сабақ беретін мұғалімдер ақпараттық технологияларды керемет меңгермеген және оларды үйрететін ешкім жоқ. Ата-аналар туралы айтудың өзі артық. Ата-аналар мұғалімдермен – балалары арқылы немесе тікелей тілдеседі. Электронды оқулықтар жетіспейді. Интернеттің шамадан тыс жүктелуіне байланысты қатып қалатын бұл оқулықтардың, жалпы оқыту ресурстарының сапасы туралы бүгінде барлығы жан-жақтан дабыл көтеріп айтып жатыр.

Бұл оқыту жайлы, ал тәрбие туралы бірдеңе деп айтудың өзі тіпті артық. Ал егер коронавирус немесе тағы бір жамандық мәңгіге келетін болса не істейміз? Қалай болған күнде де, «цифрдағы» өмірге үйренуімізге, өмірімізді тек өсіп келе жатқан ұрпақты ғана емес, сонымен қатар бүкіл қоғамды қалыптастырудың жаңа міндеттеріне бейімдеуге тура келіп тұр. Біз журналымыздың алдыңғы шығарылымында технологиялық энтузиастар, цифрлық инженерлер, жаңа шындықты жасаушылар болып табылатын бүгінгі студенттер туралы әңгімеледік. Тұңғықтың түбіне «шөгіп», мәңгіге кешігіп қалмау үшін барлығымыздың осы процеске қосылуымызға тура келеді.

Ал бұл қозғалысты жаңа жаһандық цифрлық әлемде отандық білім беруді дамытудың Жол картасының авторы және ұйымдастырушысы ретінде біздің мемлекетіміз басқаруы керек. Онда біздің мектеп қазірдің өзінде әлемдік білім орталықтарымен бәсекелік күреске түсу керек, жақын арада олардың онлайн-курстарын кәсіби, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің көптеген отандық оқу бағдарламалары алмастыруы мүмкін. Әйтпесе, біздің оқу аудиторияларымыздың сол күйінде бос болып қалу қаупі туындайды.

Алайда, оқу орындарының қызметін қалыптастырудағы тривиал емес тәсілдің мысалдары бар. «КТУ-лік» өткеннен біржола іргесін аулақ салуға тырысатын ТжКБ жүйесі «сенімінің қарыштап артуы» көңілге қуныш ұялатады. Әрбір колледжді халықаралық деңгейдегі оқу орнына айналдыру – бұл өте күрделі міндет.

Алайда, жекелеген оқу орындары өздеріне берілген академиялық еркіндік аясында күнделікті іс-әрекетте қолданылатын өздерінің Жол карталары сияқты дүниелерді эзірлеп жатыр. Мұны Абай атындағы ҚазҰПУ-дың және Алматы энергетика және байланыс университетінің осы номерде орналастырылған материалдарынан көруге болады.

Осы байламның ішіндегі қатал ниеттілігі енді-енді байқалып келе жатқан мұғалім – оқушы – ата-ана үштағаны – бұл тек бергі жағы ғана. Осының барлығының артында тұрған – бүкіл мектепті, демек, ел мен халықтың болашағын жоғалтып алу қаупін байқамай қалып, түзетуге келмейтін қателікті жіберіп алмайық.

Журналдың осы санында біз бас қаладағы білімнің қал-жағдайы туралы, бас қаланың қандай тәжірибесін, қандай тағылымдарын басқа аймақтардың үлгі ретінде алуға болатындығы туралы баяндайтын астанамыз жайлы іріктеп алынған ауқымды материалдарды жариялаймыз.

*Ольга Шиленко*